

А.С. Мурзинова¹ , Ғ.Б. Шойбекова² , Ж.С. Аульбекова³ 

^{1,2} Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан

³ Оңтүстік Қазақстан университеті, Шымкент, Қазақстан

(E-mail: ¹murzinova.a@qyzpu.edu.kz, ²shoibekova.g@qyzpu.edu.kz, ³jurar70@mail.ru)

Балалар теледискурсы: коммуникаторлар тіліндегі орфоэпиялық норма көрінісі

Аңдатпа. Мақалада «Balapan» арнасының телебағдарламалары теледискурс ретінде қарастырылды. Теледискурс жайлы зерттеулерге, ғылыми әдебиеттерге шолу жасалды. Зерттеулер жалпы теледидар тіліне байланысты болып келеді, ал телеконтенттердегі балалар дискурсы туралы ізденіс жұмыстарының жоқ екені байқалды. Осыдан келіп, балалар теледискурсын зерттеудің өзектілігі айқын және жоғары деп саналады. Бұл мақалада «Balapan» телеарнасы бағдарламаларындағы балалар теледискурсының орфоэпиялық нормаға сай немесе сай еместігі қарастырылды. Нәтиже Speech Analyzer әдісінің көмегімен айқындалды. Телекоммуникатордың көтеріңкі және төменгі дыбыстау қарқынының сегменттері сурет арқылы көрсетілді. Балалардың сценарий бойынша сөйлеген сөздері ауызша дыбыстау ережелерімен сәйкестігі айқындалды. Лингвистиканың тілді медиаконтенттерде дұрыс қолданудың теориясы мен практикасына орфоэпиялық норманы сақтап сөйлеу бойынша белгілі бір дәрежеде үлес қосады. Қазақ тілінің акустика-артикуляциялық табиғатын сақтау үшін орфоэпиялық норманы ескере отырып, сөйлеуді қалыптастыру қажет. Бұл ұлттық тілдің өміршең болуына көп пайдасын тигізеді. Ұсынылып отырған мақалада қазіргі тіліміздегі сөздердің айтылудағы дыбыс қарқыны, ырғағы және әуезді айтылымы көрсетіліп, өзгерістер суреттер арқылы беріледі. Суреттегі сипаттамалардан қазіргі қазақ сөзінің балалар дискурсындағы айтылымын анық байқауға болады, осы арқылы әрі қарай мақсатты түрде қазақ әдеби тілінің орфоэпиялық нормаларын сақтау қажеттігі көрінеді.

Түйін сөздер: орфоэпиялық норма, балалар теледискурсы, медиалингвистика, телеконтент, дыбыстау.

DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-678X-2024-149-4-102-113>

Түсті: 02.10.2024; Жөнделді: 25.11.2024; Мақұлданды: 19.12.2024; Онлайн қолжетімді: 28.12.2024

Кіріспе

Тілімізде қазақ сөзі орфоэпиялық норманы сақтап оқылу қажет деген ереже бүгінде сақталмай отыр. Тілдің дамуы оның өзгерісіне себеп болатыны белгілі. Өзгеріс кезінде тек лексикалық бірліктермен толықпайды, өзге де тілдік деңгейлер дәрежесіндегі өзгерістер орфоэпиялық норманың өзгерісі болатынын көрсетеді.

¹ Хат-хабар үшін автор

Теледидардағы балалар бағдарламалары тілінің орфоэпиялық нормасын зерттеу қажет болып отыр. Тіл ғылымының жүйелі-құрылымдық және антропоэекті бағыттарының зерттеу нысаны саналатын телебағдарламалардан алынған, түрлі әлеуметтік желілерге (Фейсбук, Инстаграм, Тик-ток) жүктелген тейзерлер, үзінділер тілі соңғы жылдарда отандық тіл білімі саласында да жан-жақты зерттеуді қажет ететін өзекті мәселеге айналды.

Әлемдік тіл білімінде медиадискурсты зерттеудің функционалды-стильдік, прагматикалық, когнитивтік, коммуникативтік аспектілері қалыптасты. Отандық тіл білімінде бірқатар зерттеушілер (Н.Уәли, А.Алдашева, Б.Момынова, Ш.Мәжітаева, Қ.Есенова, Г.Г.Гиздатов, С.Сапина, А.Фазылжанова, Ф. Жақсыбаева, М.М.Аймағамбетова, Ш.К.Жаркынбекова, Б.Г.Смагулова, т.б.) Қазақстандағы медиадискурсты, оның лингвостилистикалық, лингвопрагматикалық және лингвокогнитивтік аспектілері бойынша көлемді ізденіс жұмыстарын жүргізген.

Медиадискурс салаларынан экономикалық, діни, жарнамалық, спорттық, медициналық дискурстар бүгінде біршама қарастырылған. Нақтырақ айтсақ, экономика туралы медиадискурсты (зерттеген Хуонг Тхи Тху Чанг, К.Е.Барабошкин, А.Б. Нургазина), діни медиадискурсты (зерттеген Діни ахуалды талдау және мониторинг департаментінің аға сарапшысы М.С.Серікбай «Әлеуметтік желідегі діни инфлюенсерлер және олардың діни медиадискурс қалыптастыруындағы рөлі» (<https://religions-congress.org/kz/news/novosti/2153>), саяси медиадискурсты (зерттеген Қ. Кенжеқанова), жарнама дискурсын (зерттеген С.Асанбаева), спорт медиадискурсын (зерттеген Н.Г.Долженко, А.А.Сулхаева) атап өтуімізге болады.

Теледискурс – нағыз тілдің орфоэпиялық көрінісін байқататын категория. Лингвистикалық медиадискурстың айқын көрінісі ретінде теледискурсты зерттеу өзекті болып саналады. Балалар теледискурсы – бағдарламадағы жүргізуші бала мен көрермен бала арасындағы вербалды, бейвербалды ақпарат алмасуы.

Зерттеу нысаны – «Valaraп» телеарнасы бағдарламаларының тілі, балалар дискурсының орфоэпиялық нормасы.

Ғылыми зерттеудің басты мақсаты – балалар теледискурсындағы коммуникаторлар тілінің орфоэпиялық нормаға сәйкес/сәйкес еместігін зерттеу.

Зерттеу пәні – коммуникаторлар тілі, дауыс қарқыны, орфоэпиялық норманы сақтай отырып дыбыстай алуы// алмауы

Теледискурсты зерттеуші М.Е. Фролов бұл құбылысты коммуникаторлар арасындағы тілдік, әлеуметтік және мәдени байланыс деп қарастырған [10].

Ал Д.З. Габбасова болса, неміс телебағдарламалары мен қазақтілді бағдарламаларға салғастырмалы зерттеу жүргізіп, әлеуметтік, мәдени байланыстың тіл арқылы жүзеге асатынын көрсеткен [11]. Зерттеуші Е.Н. Ормаханованың пікірінше, теледискурстың функционалдык аспектісін зерттеу маңызды [6].

Осы уақытқа дейін отандық тіл білімінде теледидар тілі біршама зерттелгенімен, балаларға арналған теледидар тілі жеке-дара зерттеу нысаны ретінде алынбады. Балалар теледискурсы лингвистикалық термин ретінде қарастырылмады. Зерттеу мақаламыздың мақсаты балалар теледискурсындағы орфоэпиялық норманың сақталуы немесе сақталмау жағдайы, қазіргі орфоэпиялық норманың өзгерісін қарастыру. 1) балалар теледискурсындағы сөздердің орфоэпиялық нормалануын сипаттап көрсету, 2) коммуникативтік сапасы мен ауызша әдеби тілдегі қолданысымен салыстыру міндеттері мақсатқа қол жеткізуде қолданылады.

Бұл зерттеудің теориялық және практикалық маңызы жоғары. Балаларға арналған телебағдарламалар тілі балалар дискурсы деп саналып, олардың орфоэпиялық нормасы қазіргі қазақ әдеби тілі мен балалар теледискурсы, медиалингвистика теориясына белгілі бір дәрежеде үлес қосады.

Зерттеудің практикалық маңыздылығы вербалды және бейвербалды бірліктердің қолданысымен, балалардың әдеби тілін дамытатын балалар теледискурсының көрермендер мен тыңдарман балалардың тіліне әсерімен сипатталады. Перлокутивті

бірліктердің дыбыстау қарқыны, ауызша сөйлеу құрылымдарының телеаудитория санасына әсері, телекоммуникатордың сөз саптауы, сонымен қатар зерттеу нәтижелерін қолдану жүргізілген талдаудың маңыздылығын көрсетеді.

Зерттеу материалдары мен әдістері

Мақаланың теориялық материалы ретінде балалар теледискурсы, оның баланың сөйлеу тіліне ықпалын қарастырған әлемдік және отандық тіл біліміндегі зерттеулері пайдаланылды, сонымен қатар балаларға арналған бағдарламалар тілі мен олардың орфоэпиялық нормаға сәйкестігі зерттеу материалына нысан болды.

Осы мәселеге терең талдау жасау үшін фонетикалық (Speech Analyzer), прагматикалық және интерпретациялау әдістері қолданылды.

Әдебиетке шолу

Әлемдік тіл білімінде балалар теледискурсы әртүрлі аспектіде зерттеліп келеді. Теледискурстың балалар сөйлеу тіліне ықпалы жөнінде Ф.Зиммерманнның «Associations between viewing and language development in children under age 2 years» (2 жасқа дейінгі балалардың теледидар көруі мен тілінің дамуының арасындағы байланыс) [1]; Р.Таккар мен М. Гарисонның «A systematic review for the effects of television viewing by infants and preschoolers» (Сәбилер мен мектеп жасына дейінгі балалардың теледидар көру әсеріне жүйелі шолу) [3]; Д. Лфйнбаргер мен Д. Уолкердің «Infants and toddlers television viewing and language outcomes» (Теледидардың баланың сөйлеу тілін дамыту нәтижелері) [4]; К. Шмит пен М. Риштің «Viewing behaviours by children and adults during television programs and commercials» (Телебағдарламалар мен жарнамаларды көру кезіндегі балалардың мінез-құлқын бақылау) [7] атты зерттеу мақалаларын атап өтуге болады. Бұл бағыттағы көлемді зерттеулердің біраз бөлігі ғана және балалар теледискурсын зерттеу қай кезде де өзекті мәселе екендігін көрсетеді.

Қазіргі телебағдарламалардың интербелсенді сипаты телекоммуникатор мен телеаудиторияның тікелей және жанама байланысын көрсететін теледискурстың стильдік ерекшелігімен анықталады. Тарқатып айтқанда, теледискурс тілдік қатынас кезінде орындалатын белгілі бір стратегия мен тактиканың көмегімен жүзеге асып, мазмұндық, тұрпаттық және функционалдық сипатқа ие болады. Теледискурс жанры тілдің лексика-фразеологиялық және синтаксистік деңгейлеріндегі ауызша сөйлеу құрылымдарына басымдық беріп, жазбаша әдеби тіл мен ауызша әдеби тіл элементтерін біріктіреді. Бұл теледискурстың экспрессивті әлеуеті мен коммуникативті сапасын арттырады және телеаудиторияның назарын аудартып, танымдық қызығушылығын оятады, телекоммуникатор мен телеаудиторияның байланысын нығайтады. Демек, балаларға арналған телебағдарлама тілін лексика-фразеологиялық, синтаксистік тіл деңгейлері мен просодикалық құралдардың үйлесімділігі арқылы жүзеге асатын жаңды әрі эмоционалды теледискурс деуге болады. Ол баланың әлеуметтік-танымдық, оқу-танымдық, ғылыми-танымдық қызығушылығы мен зияткерлік қабілетін дамытуға ықпал етеді. Осыған байланысты ғалымдар (Г.Ибраева, А.Когатько, А.Фахми, Д.Камп, Е.Кортни, И.Абу, Д.Гвен) өз зерттеулерінде телебағдарламаны ойын-сауықтық, ақпараттық-танымдық, спорттық, зияткерлік, әлеуметтік-танымдық, т.б. жанрларға бөледі.

Бала дискурсын теледискурс мәтіні деп қарастыратын болсақ, ол «бейне-дыбыс-тілдесім» ұштағанынан құралып, жазбаша және ауызша әдеби тіл элементтерін біріктірді. Яғни телеаудитория үшін теледискурс мәтіні көру (бейне) және есту (дыбыс) арқылы жүзеге асатын гетерогенді хабарлама ретінде ұсынылады. Ал гетерогенді хабарлама телекоммуникатордың (диктор, кадр сыртындағы автор, сюжет кейіпкері) тілдесімі арқылы беріледі [8]. Сондай-ақ теледискурс мәтінінің прагматикалық қуаты басым болады. Телеаудиторияға әсер ету үшін телекоммуникатор вербалды және бейвербалды құралдарды қолданады. Вербалды құралдардың басым бөлігін перлокутивті қызметке ие тілдік бірліктер құрайды. Ал телеэкрандағы ым-ишара мен қимыл-қозғалыстар бейвербалды құралдардың қызметін атқарады.

Бұл туралы М.Е. Фролов «теледискурс мәтіні вербалды және бейвербалды бірліктері бар экспрессивті-эмоционалды қызметке ие дискурстың бірегей түрі» деген пікір білдіреді [10].

Теледискурс бейне мен дыбысты тасымалдайтын техникалық құрал ғана емес, сонымен бірге телеаудиторияға психологиялық әсер ететін ақпарат құралы [5, 18] Зерттеушілердің тұжырымдарын қуаттай отырып, теледискурсты экспрессивті-эмоционалды бояуы қанық тілдік бірліктер мен ым-ишара, қимыл-қозғалыс арқылы телеаудитория санасына әсер ететін айрықша дискурс деуге болады.

Нәтижелер мен талқылау

Теледидар бағдарламаларына түсетін балалардың жастары, көп жағдайда 5 жастан басталады. Негізгі телекоммуникаторлар бастауыш және орта сынып оқушылары болып келеді. Балаларға арналған телебағдарламаға қатысушылар мен жүргізушілердің сөзін арнайы мамандар, сценаристер жазып береді. Балалардың негізгі қызметі – дайын мәтінді түсірілім кезінде дауыс ырғағын, мәнерін қосып, айтып беру.

Теледискурс ауызша тілдік құрылымдардың қолданылумен де ерекшеленеді. Теледискурста ауызша тілдік құрылымдардың (перлокутивті қызметке ие тілдік бірліктер) дұрыс айтылуы – сөз мәдениетінің коммуникативтік сапасының жоғары екенін көрсетеді. Теледискурс мәтініндегі орфоэпиялық норманың сақталуы телекоммуникатор мен телеаудиторияның ақпарат алмасуын жеңілдетіп қана қоймайды, сонымен бірге ауызша әдеби тілдің дамуына ықпал етеді. Сондықтан ауызша тілдік құрылымдардың орфоэпиялық нормаға сәйкестігін зерттеу баланың әдеби тілін қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Балалар теледискурсын қарастыруда телекоммуникатордың сөйлеу тіліне назар аудару маңызды. Өйткені телекоммуникатордың тілдік қолданысында сақталған әдеби тіл нормалары баланың сөз мәдениетін қалыптастыруға негіз болады. Сонымен балалар теледискурсын зерттеу – өзекті мәселе.

Балалар теледискурсы фонетикалық, лексикалық, грамматикалық тіл деңгейлеріндегі ауызша сөйлеу құрылымдары арқылы сипатталып, жазбаша және ауызша әдеби тіл элементтерінен тұрады. Бұл балалар теледискурсының экспрессивтілік қуаты мен коммуникативті сапасын арттырады, телеаудиторияның назарын аудартып, танымдық қызығушылығын оятады және телекоммуникатор мен телеаудиторияның байланысын нығайтады. Яғни балалар теледискурсын фонетикалық, лексикалық, грамматикалық тіл деңгейлері мен просодикалық (интонация, дауыс ырғағы, екпін) құралдардың байланысы арқылы орындалатын жаңды әрі эмоционалды теледискурс деуге болады. Осыған байланысты зерттеуіміздің нысаны ретінде «Balapan» арнасы алынып отыр. «Balapan» арнасы бағдарламаларының тілі балалар теледискурсы деп аталады. «Balapan» арнасының телекоммуникаторы мен телеаудиториясы – 3-10 жас аралығындағы балалар. Ауызша әдеби тілдің орфоэпиялық нормаларын жетілдіре түсуде балалар теледискурсының маңызы айрықша. Себебі телекоммуникатордың сөйлеу тілінде сақталған әдеби тіл нормалары телеаудиторияның сөйлеу мәдениетін қалыптастыруға ықпал етеді. Сондықтан балалар дискурсының орфоэпиялық нормаға тән ауызша тілдік қолданысын (перлокутивті қызметке ие тілдік бірліктерді) анықтау үшін тіл ғылымының жүйелі-құрылымдық және антропоэлекті бағыттарын сабақтастыра зерттеу маңызды.

Балалар теледискурсында қолданылатын перлокутивті тілдік бірліктер (бағалауыш мәндегі сөздер, бейнелі сөз орамдары, тұрақты тіркестер) монологтік және диалогтік тілдесім кезінде айқын байқалып, прагматикалық қызмет атқарады. Мұндай тілдік бірліктерді телекоммуникатор өз білгенінше қолдана бермей, ауызша әдеби тілдің орфоэпиялық нормасымен қолданады және телеаудиторияны соған баулиды [2, 15].

Теледискурстың ауызша әдеби тілдің орфоэпиялық нормасына сәйкестігі – балалар теледискурсындағы перлокутивті қызметке ие бірліктердің жазылуынша айтылмай, олардың бір-бірімен үндескен, тілдің фонетикалық заңдарына бағынған күйінде

айтылуы [9, 10]. Осыған орай, зерттеуімізде «Balapan» арнасындағы «Әжемнің ертегісі» теледискурсына сараптамалық талдау жүргізілді.

«Әжемнің ертегісі» теледискурсы танымдық телебағдарламаға жатады. Телебағдарламаның ұзақтығы – 10 минут. Әжесі мен екі немересі телекоммуникаторлардың рөлін атқарады. Телебағдарламаны 3-5 жас аралығындағы балалар көреді. Бұл телебағдарлама 50 көрсетілімнен тұрады. Бұл мәлімет 1- кестеден айқын көрінеді.

1-кесте – Теледискурс сипаттамасы

Теледискурс аты	Теледискурс жанры	Көру аудиториясы	Ұзақтығы	Көрсетілім саны
Әжемнің ертегісі	танымдық	3-5 жас	10 мин	50


«Әжемнің ертегісі» теледискурсы монологті және диалогті тілдесім арқылы өрбиді. Телебағдарламада вербалды және бейвербалды құралдар кеңінен қолданылады. Бұл теледискурста «бейне-дыбыс-тілдесім» үшпатағанында көрініс тапқан. Баланың орфоэпиялық нормаға тән сөйлеу әдебін қалыптастыруда теледискурстың маңызы айрықша деуге болады. Сондықтан теледискурстағы перлокутивті қызметке ие тілдік бірліктердің орфоэпиялық сипаттамасын анықтауға тырыстық. Нәтижесі 2-кестеде берілді.

2-кесте – «Әжемнің ертегісі» теледискурсындағы перлокутивті бірліктердің орфоэпиялық сипаттамасы

Ауызша әдеби тілде қолданылуы	Орфоэпиялық нормаға сәйкестігі	Орфоэпиялық нормаға сәйкессіздігі
<i>тішін</i>	-	<i>тышын</i>
<i>түлкү</i>	<i>түлкү</i>	-
<i>әттеген'әй</i>	<i>әттеген'әй</i>	-
<i>малмандай'болуу</i>	-	<i>малмаңдай болу</i>
<i>қәтігез</i>	-	<i>қатыгез</i>
<i>азан шақырғу</i>	<i>азан шақырғу</i>	-
<i>әуліесіп кетуу</i>	<i>әуліесіп кетуу</i>	-
<i>әрі-б'ері</i>	-	<i>ары-бері</i>
<i>ашығауүздүгүн пайдалануу</i>	<i>ашығауүздүгүн пайдалануу</i>	-
<i>үстү-б'асы</i>	<i>үстү-б'асы</i>	-
<i>ойатғу</i>	<i>ойатғу</i>	-


«Әжемнің ертегісі» теледискурсында кездесетін перлокутивті бірліктердің дыбысталу қарқынын және орфоэпиялық норма заңдылықтарына тән фонетиканың жоғарғы сегменттік деңгейінде зерттелетін құбылыстарды нақты көрсету үшін Speech Analyzer бағдарламаасының көмегіне жүгіндік. «Әжемнің ертегісі» теледискурсының үзінділері (монологтік, диалогтік мәтінінен алынған прагемалар) ауызша әдеби тілде айтылу үлгісімен салыстырылды. Нәтижесі 1-суретте көрсетілді.

1-сурет – «Тиіннің үсті-басы малмаңдай болды» прагемасының теледискурстағы және ауызша әдеби тілдегі қолданысы.




Жүргізуші «Тиіннің үсті-басы малмаңдай болды» прагемасындағы «малмаңдай» сөзін «малмаңдай» деп «н» орнына «ң» дыбысын айтты. Бұл қазіргі балалар тілі қазақ тілінің «ң» дыбысын дұрыс артикуляциялай алмайды деген сөз.

2-сурет – «Әттеген-ай, әттеген-ай, қатыгез патша басымды шабатын болды» прагемасының теледискурстағы және әдеби тілдегі қолданысы.




Бұл «Әттеген-ай, әттеген-ай, қатыгез патша басымды шабатын болды» теледискурс үзінділерінде «үсті-басы малмаңдай болу», «әттеген-ай», «бас шабұу», «қатыгез патша», т.б. перлокутивті бірліктер сөйлемінің прагматикалық әлеуетін арттырып, телекоммуникатордың эмоциясын білдіріп тұр.

3-сурет «Түлкі тиіннің ашық ауыздығын пайдаланып кетеді» прагемасының теледискурстағы қолданысы




4-сурет «Түлкі тиіннің ашық ауыздығын пайдаланып кетеді» прагемасының ауызша әдеби тілдегі қолданысы




4-суретте берілген теледискурстағы «Түлкі тиіннің ашық ауыздығын пайдаланып кетеді» прагемасында «ашық ауыз» лексемасы перлокутивті бірлік ретінде жұмсалған. Телеаудиторияның санасына әсер ету үшін телекоммуникатор «ашық ауыздығын» лексемасын жоғары интонациямен айтқанын байқауға болады. Ал 4-суреттегі прагеманың ауызша әдеби тілдегі қолданысында «түл...кү», «тиін...нің», «пай...да...ла...нып» лексемалары кідіріс арқылы берілген. «Ашық ауыздығын», «кетеді» тілдік бірліктері көтеріңкі интонацияда қолданылған.

5-сурет – «Баяғы бір заманда қатыгез патша өмір сүріпті» прагемасының теледискурстағы қолданысы




6-сурет – «Баяғы бір заманда қатыгез патша өмір сүріпті» прагемасының ауызша әдеби тілдегі қолданысы




4-суретте берілген теледискурстағы «Баяғы бір заманда қатыгез патша өмір сүріпті» прагемасында «баяғы», «бір», «өмір», «сүріпті» лексемалары телекоммуникатордың дауыс ырғағының созылыңқы интонациямен айтылғанын көрсетеді. Сондай-ақ телеаудиторияның эмоциясына қозғау салу үшін телекоммуникатор «заман..да», «қаты... гез», «пат..ша» лексемаларын жоғары қарқынмен дыбыстаған. Ал 5-суреттегі прагемада «ба...йа...ғы», «қә...ті...гез», «пат..ша», «ө..мүр», «сү...рүп...тү» лексемалары дыбыс үндестігіне байланысты айтылған.

7-сурет – «Әй, түлкі ары-бері құйрығыңды бұлғаңдатып әулиесіп кеттің!» прагемасының теледискурстағы қолданысы



8-сурет – «Әй, түлкі ары-бері құйрығыңды бұлғаңдатып әуліесіп кеттің!» прагемасының ауызша әдеби тілдегі қолданысы



7 және 8-суретте берілген «Әй, түлкі ары-бері құйрығыңды бұлғаңдатып әуліесіп кеттің!» прагемасында қолданылған «ары-бері құйрығын бұлғаңдату», «әуліесіп кету» лексемалары бейнелі сөз орамдары ретінде жұмсалып, сөйлемге экспрессивті мән үстеп, прагматикалық әлеуетін арттырып тұр. Ертегілерде экспрессивті мәнді сөздердің жиі қолданылуы баланың жасына, дүниетанымына лайық. Мұндай сөздерді айтқан кезде баланың эмоциясы орфоэпиясына әсер етеді. Мұны суреттерде берілген сегментті жазбалардың әртүрлі көрінісінен байқауға болады.

Тұжырымдай келгенде, телеаудиторияға бағытталған телекоммуникатордың сөз мәнері, дауыс ырғағы, дауыс тембрі, яғни сөйлеу тілінің экспрессиясы және сөздерді орфоэпиялық нормаға сай\сай емес қолдану жиілігі спектрлік талдау графиктерінен айқын көрінеді.

Осы мақаланы жазуға балалар тілінде орфоэпиялық норма сақталмайтындығы негіз болды. Бұл тіліміздің өміршең болу мәселесі бар екенін көрсетеді. Мақала мәселесінің бар екенін көрсетіп, шешу үшін лингвистикалық тұрғыдан әрекет етуге бағыттайды.

Қорытынды

Балалар теледискурсы ауызша коммуникацияға негізделгендіктен, оның орфоэпиялық нормаға сай сөйлейтінін де зерттеу қажет. Осыған байланысты зерттеуімізде «Balapan» арнасының «Әжемнің ертегісі» танымдық телебағдарламасына орфоэпиялық сараптамалық талдау жүргізілді. Балаларға арналған бұл теледискурс тіл ғылымының жүйелі-құрылымдық және антропоэзекті бағыттарына негізделіп, жүйеленіп зерттелді.

Ауызша сөйлеу тіл мәтіндерінің (монолог, диалог) транскриптері «Әжемнің ертегісі» телебағдарламасының бейнематериалы бойынша әзірленді, орфоэпиялық сипаттамасы берілді.

Speech Analyzer әдісінің көмегімен «Әжемнің ертегісі» теледискурсында қолданылған перлокутивті қызметке ие тілдік бірліктердің (бағалаушы мәнді сөздер, фразеологизмдер, бейнелі сөз орамдары, т.б.) дыбысталу қарқыны айқындалып, интерпретациялық және тілдік талдау жасалды.

«Әжемнің ертегісі» теледискурсының прагемалары мен олардың ауызша әдеби тілдегі қолданысы салыстырылып, коммуникативтік сапасы анықталды.

Телеаудиторияға бағытталған телекоммуникатордың сөз мәнері, дауыс ырғағы, дауыс тембрі, яғни сөйлеу тілінің экспрессиясы және сөздерді орфоэпиялық нормаға сай/сай емес қолдану жиілігі спектрлік талдау графиктері арқылы сипатталады.

Мүдделер қақтығысы, алғыс айту және қаржыландыру туралы ақпарат. Мақала бойынша мүдделер қақтығысы жоқ. Мақала ҚР ҒЖБМ ҒК 2023-2025 жж. арналған гранттық ЖТН АР19679549 «Балапан» телеарнасындағы бағдарламалардың (2017-2024 жж.) әдеби тіл нормасына сәйкестігін мониторингілеудің теориясы мен тәжірибесі» атты ғылыми жоба есебінен қаржыландырылады.

Авторлардың қосқан үлесі. Мурзинова А.С. – мақаланың негізгі материалдарын жинау, сұрыптау, жүйелеу жұмыстарымен бірге Speech Analyzer әдісінің көмегімен перлокутивті қызметке ие тілдік бірліктерге интерпретациялық және тілдік талдау жасады; Шойбекова Ғ.Б. – балалар теледискурсына қатысты әдеби шолу жасады, мақаланың жазылу барысын қадағалап, толық жетекшілік етті; Аульбекова Ж.С. – жиналған материалдарға талдау жасап, толықтыру жұмыстарын жүргізді.

Әдебиеттер тізімі

1. Zimmerman F.J., Christakis D.A. Children's television viewing and cognitive outcomes: a longitudinal analysis of national data // Arch Pediatr Adolesc Med. – 2005. – P. 619-625. DOI: 10.1001/archpedi.159.7.619
2. Исаев С. Қазақ әдеби тілінің тарихы. 3-басылым. – Алматы: Мектеп, 2007. – 224 б.
3. Thakkar R.R., Garrison M.M., Christakis D.A. A systematic review for the effects of television viewing by infants and preschoolers // Pediatrics. – 2006. – №118 (5), pp. 2025-2031. DOI: <https://doi.org/10.1542/peds.2006-1307>
4. Linebarger, D. L., & Walker, D. Infants' and Toddlers' Television Viewing and Language Outcomes // American Behavioral Scientist. – 2005. – №48(5). – pp. 624-645. DOI: <https://doi.org/10.1177/0002764204271505>
5. Машинбаева Г.А. Теледидар тілінің лингвопрагматикалық аспектілері: филол. ғыл. канд. ...дисс.: 10.02.02. – Алматы, 2007 – 125 б.
6. Ормаханова Е.Н. Телевизионный дискурс: системно-функциональный аспект (на материале развлекательно-публицистической программы “Талант-шоу”): дисс. ... д-ра философии: 6D021300 – Лингвистика [Электронный ресурс]. – Алматы, 2018. – Электрон. текстовые дан., 1 электрон. опт. диск (CD-ROM).
7. Schmidt M.E., Rich M., Rifas-Schiman S.L., Oken E., Taveras E.M. Television viewing in infancy and child cognition at 3 years of age in a US cohort // Pediatrics [Electronic Recourse]. – March 2009. – №123 (3). – pp. e370–e375. DOI: 10.1542/peds.2008-3221
8. Струкова Е.В. Телевизионные новости: моделирование политической PR-информации (технологический аспект): автореф. ...канд. филол. наук. – Воронеж, 2010. – 21 с.
9. Сыздық Р. Қазақ тілінің анықтағышы. – Астана: Елорда, 2000. – 532 б.
10. Фролов М.Е. Специфика реализации иллокутивного потенциала информационно-аналитических сообщений в телевизионном дискурсе // НОМО MENDAX: Игра с личностью или игра со смыслами. – Москва; Тверь: ИЯ РАН, ТвГУ, 2004. – С. 123-132.
11. Габбасова Д.З. Телевизионный диалог ток-шоу немецкого и казахстанского телевидения как социокультурный момент в коммуникации: дисс. ...канд. филол. наук: 10.02.20. – Алматы, 2005. – 136 с.

А.С. Мурзинова¹, Г.Б. Шойбекова^{*2}, Ж.С. Аульбекова³

^{1,2} *Казахский национальный женский педагогический университет, Алматы, Казахстан*

³ *Южно-Казахстанский университет им. М. Ауэзова, Шымкент, Казахстан*

Детский теледискурс: отражение орфоэпической нормы в языке коммуникаторов

Аннотация. В статье телепрограммы канала «Balapan» рассматривались как теледискурс. Проведен литературный обзор исследований, в которых рассмотрены теоретические и практические проблемы теледискурса. Из этого литературного обзора видно, что, хотя язык телевидения широко рассматривается, исследований детского теледискурса нет. Поэтому в статье было показано, что исследование детского теледискурса имеет высокую актуальность. В данной исследовательской статье впервые использован термин «детский теледискурс», определено соответствие теледискурса орфоэпической норме: соответствие//несоответствие, темп звучания с помощью метода Speech Analyzer. Сегменты повышенного и пониженного темпа звучания телекоммуникаций были показаны на рисунке. Проанализирована орфоэпическая характеристика языковых единиц, обладающих перлокутивной функцией, проведен языковой анализ. Этим анализом было установлено, что необходимость в сохранении естественной основы языка достигается путем правильного соблюдения орфоэпической нормы.

Ключевые слова: орфоэпическая норма, детский теледискурс, медиалингвистика, телеконтент, озвучивание.

A.S. Murzinova¹, G.B. Shoibekova^{*2}, Zh.S. Aulbekova³

^{1,2} *Kazakh National Women's Teacher Training University, Almaty, Kazakhstan*

³ *South Kazakhstan University named after Mukhtar Auezov, Shymkent, Kazakhstan*

Children's discourse: the manifestation of the orthoepic norm in the language of communicators

Abstract. The article considered the TV programs of the Channel "Balapan" as a TV discourse. A literary review of research was carried out, which considered the theoretical and practical problems of television science. From this literary review, it was seen that although the language of television is generally considered, there is no research on children's television. Therefore, the article showed that the study of children's television is of high relevance. For the first time in this research article, the term children's Television course was used, and the correspondence//non-compliance of the TV course with the orthoepic norm, the sound intensity was determined using the Speech Analyzer method. The segments of the high and low pitch of the telecom were shown by the image. The orthoepic characteristics of language units that have perlocutive functions are analyzed and language analysis is carried out. These analyses have shown that the desire to preserve the natural basis of language is due to the correct adherence to the orthoepic norm.

Keywords: orthoepic norm, children's Television course, mediallynguistics, telecontent, sound.

References

1. Zimmerman F.J., Christakis D.A. Children's Television Viewing and Cognitive Outcomes: A Longitudinal Analysis of National Data. *Arch Pediatr Adolesc Med*, 159(7), 619-625 (2005). DOI: 10.1001/archpedi.159.7.619
2. Isaev S. Kazak adebi tilinin tarihy. 3-basylym [History of the Kazakh literary language. 3rd edition] (Mekterp, Almaty, 2007, 224 p.) [in Kazakh]
3. Thakkar R.R., Garrison M.M., Christakis D.A. A systematic review for the effects of television viewing by infants and preschoolers. *Pediatrics*, 118(5), 2025-2031 (2006). DOI:10.1542/peds.2006-1307
4. Linebarger, D.L., & Walker, D. Infants' and Toddlers' Television Viewing and Language Outcomes. *American Behavioral Scientist*, 48(5), 624-645 (2005). DOI: <https://doi.org/10.1177/0002764204271505>
5. Mashinbaeva G.A. Teledidar tilinin lingvopragmatikalyk aspektleri [Linguopragmatic aspects of TV language]. Thesis for ... Candidate of Philology: 10.02.02 (Almaty, 2007, 125 p.) [in Kazakh]
6. Ormahanova E.N. Televizionnyi diskurs: sistemno-funktionalnyi aspekt (na materiale razvlekatelno-publicisticheskoi programmy "Talant-shou") [Television discourse: a systemic and

functional aspect (based on the material of the entertainment and journalistic program “Talent Show”). PhD Thesis: 6D021300 – Linguistics (Almaty, 2018). [in Russian]

7. Schmidt M.E., Rich M., Rifas-Schiman S.L., Oken E., Taveras E.M. Television viewing in infancy and child cognition at 3 years of age in a US cohort. *Pediatrics*, 123(3), e370–e375 (2009). DOI: 10.1542/peds.2008-3221

8. Strukova E.V. *Televizionnye novosti: modelirovanie politicheskoy PR-informacii (texnologicheskij aspekt)* [Television news: modeling of political PR information (technological aspect)]. Thesis abstract... Cand. of Philology (Voronezh, 2010, 21 p.) [in Russian]

9. Syzdyk R. *Kazakh tilinin anyktagyshy (emle, tynys belgileri, soz sazy)* [Reference Book of the Kazakh language (spelling, punctuation, word music)] (Elorda, Astana, 2000, 532 p.) [in Kazakh]

10. Frolov M.E. *Specifika realizacii illokutivnogo potentsiala informacionno-analiticheskikh soobshhenii v televizionnom diskurse* [The specifics of realizing the illocutionary potential of information and analytical messages in television discourse]. In: *HOMO MENDAX: Igra s lichnostyu ili igra so smyslami* (IYa RAN, TvGU, Moscow, 2004, 123-132 p.) [in Russian]

11. Gabbasova D.Z. *Televizionnyi dialog tok-shou nemetszkogo i kazahstanskogo tevideniya kak sociokulturnyi moment v kommunikacii* [TV dialogue of German and Kazakh TV talk shows as a socio-cultural moment in communication] Thesis... Cand. of Philology: 10.02.20 (Almaty, 2005, 136 p.) [in Russian]

Авторлар туралы мәлімет:

Мурзинова А.С. – PhD, қауымдастырылған профессор м.а., Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан. E-mail: murzinova.a@qyzpu.edu.kz, ORCID: 0000-0003-2208-3049.

Шойбекова Г.Б. – хат-хабар үшін автор, филология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан. E-mail: shoibekova.g@qyzpu.edu.kz, ORCID: 0000-0001-9484-1318.

Аульбекова Ж.С. – филология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор м.а., М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті, Шымкент, Қазақстан. E-mail: jupar70@mail.ru, ORCID: 0000-0002-3128-0389.

Murzinova A. – PhD, Associate Professor, Kazakh National Women’s Teacher Training University, Almaty, Kazakhstan. E-mail: murzinova.a@qyzpu.edu.kz, ORCID: 0000-0003-2208-3049.

Shoibekova G. – corresponding author, Candidate of Philology, Associate Professor, Kazakh National Women’s Teacher Training University, Almaty, Kazakhstan. E-mail: shoibekova.g@qyzpu.edu.kz, ORCID: 0000-0001-9484-1318.

Aulbekova Zh. – Candidate of Philology, Associate Professor, South Kazakhstan University named after M. Auezov, Shymkent, Kazakhstan. E-mail: jupar70@mail.ru, ORCID: 0000-0002-3128-0389.

Мурзинова А.С. – PhD, и.о. ассоциированного профессора, Казахский национальный женский педагогический университет, Алматы, Казахстан. E-mail: murzinova.a@qyzpu.edu.kz, ORCID: 0000-0003-2208-3049.

Шойбекова Г.Б. – автор для корреспонденции, кандидат филологических наук, ассоциированный профессор, Казахский национальный женский педагогический университет, Алматы, Казахстан E-mail: shoibekova.g@qyzpu.edu.kz, ORCID: 0000-0001-9484-1318.

Аульбекова Ж.С. – кандидат филологических наук, и.о. ассоциированного профессора, Южно-Казахстанский университет им. М. Ауэзова, Шымкент, Казахстан. E-mail: jupar70@mail.ru, ORCID: 0000-0002-3128-0389.



Copyright: © 2024 by the authors. Submitted for possible open access publication under the terms and conditions of the Creative Commons Attribution (CC BY NC) license (<https://creativecommons.org/licenses/by-nc/4.0/>).